

## **РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ НЕГІЗІ-ҰЛТТЫҚ САНА (ЖАСТАР МЫСАЛЫНДА)**

**Ахмедов Әлиасқар**  
[akhmedov.aliaskar@gmail.com](mailto:akhmedov.aliaskar@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Ақпараттық технологиялар факультеті  
«Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығының  
1 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі-т.ғ.к., доцент Т. Қаленова

Елбасының 2017 жылы 12 сәуірде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының басты мақсаттарының бірі- ұлттық сананы қалыптастырып, тарих пен дәстүрлерімізді сақтай отырып, жарқын болашақ құру. Бұл мақсатта жастардың алатын орны өте үлкен. Себебі, болашақ жастардың қолында. Жастардың сапалы, не сапасыз болуы еліміздің болашақтағы бейнесі іспеттес. Ел сапалы жастармен жарқын болашақ құрады, не сапасыз жастар, артылған үмітті ақтамай, елді кері тартады. Ал жастардың сапасына өлшемді оның санасынан жасаймыз. Демек, ол санаға тікелей байланысты. Сол себепті ұлттық сананы қалыптастыру, ең бірінші орында. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Елбасы мақаласы ел дамуының алғышарты іспетті. Маңызды құжатта ұлт болып ұйысып, жұрт болып жұмылып істеуге бағытталған іс көп. Ең бастысы – әркім, әр сала өзіне жүктелген жауапкершілікті сезінуі қажет. Жаһандандудың жаңа жағдайын қалыптастыратын тарихи құжат ел арасында әлі де қызу талқыға түсуде. Жасыратыны жоқ, соңғы кезде жастар арасында қылмыс өршіп тұр.

Татулық, достық, бірлік. Бұлар - қашан да тындырымды тірліктің формуласы. Тыныштық орнаған жерде ғана экономикалық ахуал жақсарады. Әлеует әлденеді. Елбасы атап көрсеткендей, әлемнің дамыған елдерінің қатарына қосылу үшін бәсекелестікке барынша бейім ұрпақ өсіру қажет.

Жастарды рухани күрескер етіп тәрбиелеу маңызды. Демек, ұлт пен ұрпақ деген проблемада сананы уақыт талабына сай бейімдеген жөн. Ал, бұл Мәңгілік ел үшін тарихи қажеттілік.

Қазіргі таңдағы басты проблемалар мен олардың шешу жолдарын келесідей пайымдауға болады. Проблемаларға тоқтала кетсек:

1. Сана. Қазіргі таңдағы ұлттық проблемалардың бірі сананың таяздығы. Ойымыздың, жанымыздың елім, жерім, халқым емес мүлдем басқа арнада екендігін көрудеміз. Санамызды бос, керек емес жай заттар толтыруда. Халықтың білім ізденуге, кітап оқуға ынтасы аздау, бұл өз кезегінде санасыздыққа, надандыққа алып келеді. Сананың ластануын біз көбінесе осы жастардан байқаймыз. Шет елдерге еліктеп, оларға ұқсап бағудамыз. Сол арқылы дәстүрімізді жайлап шетке қойып, оны өзгелердің дәстүрлерімен ауыстырудамыз.

2. Мақсат. Мақсат, ниет, жоспар бәрі бір мағына. Ал олардың дұрыс болуы, өз кезегінде бақытқа, теріс болуы құрдымға алып келеді. Қазіргі таңда жастардың мақсаттары(жалпы алғанда) шетелге кетсем, жақсы машина мінсем, аз жұмыс істеп көп ақша тапсам. Бұл өте арзан мақсаттар, оларды өзгерту керек(жеке бас пайдасы). Бұл жерде айта кететін тағы бір жайт. Жастардың өз уақытын тиімді пайдаланбауы, уақытын бос өткізіп, өз жастық шақтағы күш жігерін дұрыс арнаға бағыттамауы да бар (түнгі клубтар). Бұл жайлы ағылшын жазушысы, драматург Шоу Джордж Бернардтың сөзі өте орынды: «Жастық шақ – әсем зат, оны жастардың оңды-солды шашуы қылмыс».

3. Эгоизм. Халықтың басым көпшілігі өз қара басын ойлауда, халықтың қамынан, тыныштығынан өз жеке бас пайдасын артық қоюда. Ақша үшін жаны мен арын сатуға дайын заманда өмір сүріп жатырмыз. Пара өміріміздің ажырамас бөлігі атанып, барлық жерден табылуда. Мұнда үкіметтің ешбір кінәсі жоқ, оларды айыптау соқырлық болар. Қанша жерден үкімет тырысса да, біз, яғни оның ажырамас бөлігі түзелмегенше оны жою мүмкін емес. Ұлтына, еліне маххабат қоймаса, жан ашымаса, болашақ бұлыңғыр болары анық.

4. Дәстүр, дін, тіл бәрі ұмытылуда. Оларды қалыпқа келтіру, сақтау біздің мақсат-ой болу керек. Дәстүр – еске алу немесе керек кезде пиар ретінде көрсету емес, оны өмірімізде қолдану, онымен өмір сүру үшін керек. Ол біздің өмірімізді жеңілдету үшін, ұзақ жылдар бойы практикадан өткен ережелер мен нұсқауларды қамтиды. Оны ұстап ешбір атамсыз қорлық, надандық көрген емес. Сондықтанда оны тек қана бір мақтанш ретінде, өзіміз ұстамай елге айтудың, көрсетудің қажеті жоқ, ол екі жүзділікке жақын амал (ісімізбен көрсетейік). Сол себептен салт-дәстүрімізді бүгіннен қалыпқа келтіріп, оны өмірімізде қолдана бастайық.

5. Ажырасу. Ажырасудан ТМД елдері арасында алғашқы ондықта екенбіз. Тіпті, көрші Өзбекстанның өзінде ажырасу деңгейі 10 пайызға жетпейді. Тәжікстанда тіпті төмен. Танымал америкалық әлеуметтанушы Констанция Аронс әлемде әрбір 13 секунд сайын бір отбасы ажырасатынын есептеп, дәлелдеген. Бір АҚШ-тың өзінде жыл сайын 1 миллион отбасы ажырасады екен. Ал, қазақстандық этнографтар бұл жәйттің бізге ХХ ғасырдың орта тұсында келгенін айтады. Мәселен, 50-інші жылдары әрбір жүзінші отбасы ажырасса, 80-інші жылдары әрбір төртінші, ал 90-ыншы жылдары әрбір үшінші отбасында ерлі-зайыптылардың жолдары екі айырылатын болған. Ал, қазір екінің бірі. Қыздарын малға сатты деп айыпталған бұрынғы қазақ қоғамында да некенің бұзылуы деген атымен болмаған. Қазақта ажырасу деген түсінік болған жоқ. Енді әркім өз қалауымен, сүйген адамына қосылуға толық еркіндік берілген бүгінгі заманда неге бұл көрсеткіш артып барады.

Осы мәселелерге байланысты келесідей шешу жолдары да ұсынылады:

1. Жастық шақ қазіргісін ғана ойласа, кемел жас бүгінгісін де, бұрынғысын да, болашағын да елеусіз қалдырмайды. Сондықтанда біз (жастар) кемел жас атануымыз керек.
2. Дәстүрімізді жаңғыртып, дінімізге бекем болуымыз және де олармен өмір сүруіміз керек. Бізге жат, жаман нәрселерден барынша аулақ болуымыз керек!
3. Тәрбиеге қатты мән беріп, оны басты орынға қоюымыз керек.
4. Намыс, ар-ождан сияқыт ұлттық қасиеттерімізді жоғалтпауымыз қажет.
5. Отбасы мәселесін өз деңгейінде шешу қажет. Ажырасуды болдырмау керек.
6. Берілген мүмкіндіктерді пайдаланып, оны қайтару. Мақсаттарымызды дұрыс қойып, оны орындау үшін бар күш жігерді салу керек.
7. Патриоттық сезімді оятып, елге, жерге, халқымызға деген сүйіспеншілікті дамыту..
8. Жеке бас пайдасын ойламай, ауқымды ойлау керек.
9. Жалқаулық, ұзақ ұйқы, бос уақытты жай өткізуден сақтану керек.
10. Осы жолда барынша бекем болып, кемел болашақ үшін бір кірпіш болып қалануымыз керек. Сонда мықты, ешкім ала алмас қамал боламыз.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Мемлекет Басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы. 12 сәуір 2017 ж. URL [https:// www.akorda.kz](https://www.akorda.kz).
2. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» - 31 қаңтар 2017 ж.
3. Назарбаев Н.Ә.Тәуелсіздік дәуірі. – Астана, 2017. – 508 б.